

## Дәріс 2 Логистикалық жүйелердегі ақпараттық ағымдар

**Ақпараттық логистика** – ақпараттың алмасуы үрдісінде материалдық ағынды жолдамалайтын ағынның жүруін ұйымдастырушы логистиканың бір бөлігі. Ақпараттық логистика қамту, өндіру және кәсіпорындағы өнім өткізу үрдістерінің арасында байланыстырушы буын болып табылады. Ақпараттық логистика кәсіпорындағы тауарларды қоймалау мен олардың қозғалу үрдістерін басқара отырып, қолайлы қызмет көрсету және минималды шығындарды ұйғарумен, өндіру орнынан тұтыну орнына дейін талап етілетін қажетті сапалық көрсеткіштер мен кешендеуді ескеріп, тауарлардың қажетті көлемде және уақытында жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Ақпараттық логистиканың негізгі түсініктері:

- Ø Ақпараттық ағын;
- Ø Ақпараттық жүйе;
- Ø Ақпараттық технология.

Ақпараттық логистиканың негізгі міндеті ақпараттың белгілі бір кәсіпорынмен басқару жүйесіне не одан кері қарай жеткізілуіне, сонымен қатар барлық иерархиялық деңгейлерде күллі логистикалық тізбек бойынша ақпараттық ағынның координациясы мен қамтамасыз етілуіне негізделеді. Ақпараттық логистика келесі қызметтерді атқарады:

- Ø Қалыптасқан ақпаратты жинайды;
- Ø Ақпаратты талдайды;
- Ø Ақпаратты ауыстырады;
- Ø Ақпаратты жинақтап, сақтайды;
- Ø Ақпарат ағынын тазартады; (басқарудың белгілі бір деңгейі үшін құжаттар мен мәліметтерді іріктейді);
- Ø Ақпараттық ағындарды біріктіріп, ажыратады;
- Ø Қарапайым ақпараттық өзгерістерді орындайды;
- Ø Ақпараттық ағынды басқарады.

Ақпараттық ағын – дегеніміз логистикалық операцияларды басқаруға қажетті, сонымен қатар логистикалық жүйелердің ішінде және ішкі жүйелер мен сыртқы ортаның арасында циркуляцияланатын хабарламалардың жиынтығы.

Өз кезегінде, ағынмен байланысатын жүйелердің түрлеріне байланысты ақпараттық ағындардың келесі түрлері бөліп көрсетіледі:

- Ø Тік – басқарудың бір деңгейіндегі шаруашылық қатынастары бойынша әріптестерінің арасындағы хабарламалардың ағыны;
- Ø Көлденең – басшылықтан логистикалық жүйенің бағынушы бөлімдеріне түсетін хабарламалардың жиынтығы.

Шығу тегіне байланысты:

- сыртқы – логистикалық жүйеге қарағанда, сыртқы ортада өтетін ағын;
- ішкі - логистикалық жүйенің ішінде немесе кез келген ішкі жүйелердің ішінде циркуляцияланатын хабарламалардың ағыны.

Ағынның бағытына байланысты:

- кірісті – логистикалық жүйеге немесе оның ішкі жүйелердің біріне кіретін хабарламалардың ағыны;
- шығысты – логистикалық жүйенің немесе оның ішкі жүйелердің бірінің шеңберінен шығатын хабарламалардың ағыны.

Жеделдігіне байланысты: қарапайым, жедел, өте жедел

Құпиялылық дәрежесі бойынша: қарапайым, коммерциялық құпияны құраушы, мемлекеттік құпияны құраушы.

Пошталық хабарламалардың маңыздылығына байланысты: қарапайым, тапсырмалы, құнды.

Жіберілім жылдамдығына байланысты: дәстүрлі(пошта); жедел (факс, эл. пошта, телеграф, телефон).